

# Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары



- Шартты-жинақтаушы компонентті енгізу Қазақстан Республикасында зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамада көзделген:  
  
"жинақтаушы компонент міндетті деңгейде сақталады және жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің пайдасына 5% жарнасы есебінен қалыптасатын шартты - жинақтаушы қосымша компонент енгізіледі."
- "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 342-V Заңымен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қосымша шартты-жинақтаушы компонентті енгізу қарастырылған;

### **Шартты-жинақтаушы компонентті енгізу мақсаты:**

Мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші арасында жауапкершілікті бөлу арқылы әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру деңгейін арттыру.



## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы № 342-V Заңы.

01.01.2020 ж. бастап енгізіледі.

Жарналарды жұмыс беруші қызметкерлердің шартты зейнетақы есепшотына жүзеге асырады

Мөлшерлеме – қызметкердің айлық табысынан 5%

Жарналар зейнетақы жүйесіне қатысушылардың (салымшы мен жұмыс берушінің) меншігі болып табылмайды


Өмірлік зейнетақы төлемдері

60 айдан кем емес ЖМЗЖ аударылған адамдар төлемдер алуға құқылы:

- заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін
- егер мүгедектік мерзімсіз деп белгіленсе, I және II топтағы мүгедектер

ЖМЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері - заңнамада белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінен аспайды

# Шартты-жинақтаушы компонентінің жұмыс механизмі



## Жинақтау кезеңі:

\* - **уәкілетті орган белгілеген ретімен келген басқа түсімдер** - бұл қайтыс болған, шет елге ТТЖ-ға кеткен салымшылардың және 2КМ деңгейінде өмір бойғы төлемдер үшін жеткілікті сомадан артық жинақтары бар адамдардың жинақталған қаражатың қайта бөлуден түскен сомалар

## Төлем кезеңі:

\*\* - **заңнамаға сәйкес зейнетақы төлемдері** - бұл өмір бойғы төлемдер, бірақ өлім-жітім коэффициенттерін ескере отырып есептелген айына 2 КМ артық емес

Зейнетке шыққан жылы жүйеден мерзімінен бұрын шыққан жинақталған қаражат сомалары, сондай-ақ жарналары 60 айдан кем салымшылардың жинақталған қаражат сомалары шартты-жинақтаушы компоненттің (ШЖК) жеке тұрақтандырма қорын қалыптастырады

# Шартты-жинақтаушы компоненттің ерекшеліктері



**ЖҰМЫС БЕРУШІ**  
(агент)

ЖМЗЖ өз қаражаты есебінен




**ЖМЗЖ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ТАБЫСЫНАН 5% ҚҰРАЙДЫ**

БЖЗҚ-да ашылған жеке тұлғаның (қызметкердің) шартты зейнетақы есепшотына аударады.



**ҚЫЗМЕТКЕР**  
(алушы)



**ЖМЗЖ**  
5%



**63**  
жас



**62-63**  
жас



Мүгедектігі мерзімсіз деп белгіленген I және II топ мүгедектері



ШЖК өз ай сайынғы табысының 5% мөлшерінде қызметкерлердің жеке шартты зейнетақы есепшоттарына есептеуге жататын жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасатын болады.



Зейнетақы төлемдері ЖМЗЖ есебінен БЖЗҚ-на ЖМЗЖ жиынтығында күнтізбелік **60 айдан кем емес** аударылған тек ҚР зейнеткерлік жасқа толған азаматтарына, мүгедектігі мерзімсіз деп белгіленген I және II топ мүгедектеріне жүзеге асырылады.



ШЖК аясындағы зейнетақы төлемдері индекстеледі және азаматтарға өмір бойы жүзеге асырылады.



ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері агенттің және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары төленген қызметкердің меншігі болып табылмайды.



Төлемдер бойынша міндеттемелер инвестициялық табысты ескере отырып, әрбір қызметкер үшін енгізілген жарналардың мөлшері мен санына байланысты қалыптастырылады.



ТТЖ кеткен, қайтыс болғандардың шартты зейнетақы есепшоттарындағы және 2 күнкөріс минимумдар деңгейінде өмір бойы төлемдері үшін жеткіліктілі сомасынан асатын зейнетақы жинақтар ескерілетін қаражат жүйе қатысушылары арасында қайта бөлінетін болады.

тенге

2018 жылғы базалық зейнетақының орташа мөлшері	20 542
<i>2018 жылдың 2 жартыжылдығында ҚР заңнамасына өзгерістер енгізілгеннен кейін</i>	25773
Орташа ынтымақты зейнетақы	54 387
БЖЗҚ-дан орташа айлық зейнетақы	20 177

**100 мың теңге - 20%** жинақтаушы компоненті бар ЖЗЖ қатысушысы үшін орташа жиынтық ай сайынғы зейнетақы

**Дүниежүзілік Банктің зерттеулері бойынша:** "міндетті жинақтаушы жүйесіз орта мерзімді перспективада елдер жалпы тренд - қоғамның қартаюына және халықтың жалпы санынан жұмысқа қабілетті адамдар үлесінің төмендеуіне байланысты зейнетақы міндеттемелерінің өсуін жабу үшін бизнеске салынатын салықтарды арттыру қажеттілігіне сөзсіз келеді»

# Басқа елдердегі зейнетақы жарналарының мөлшерлемелері

Ел	Зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі		
	Всего	оның ішінде:	
		Қызметкер	Жұмыс беруші
Сингапур	36%	20%	16%
Малайзия	23%	11%	12%
Швеция	18,5%	7,5%	11%
Германия	18,7%	9,3%	9,3%
Израиль	17,5%	5,5%	12%
АҚШ	12,4%	6,2%	6,2%
Чили	10%	10%	5% енгізу қарастырылуда
Норвегия	8,2%	жалданып істейтін қызметкер - 8,2%	-
	11,4%	өзін-өзі жұмыспен қамтығандар - 11,4%	-
	5,1%	Зейнеткерлер - 5,1%	-
Австралия	9,5%	-	9,5% (2025ж. 12% дейін)
Ресей	22%	-	22%

ЭЫДҰ-ның барлық елдері бойынша орта қызметкер үшін МЗЖ орташа мөлшерлемесі **20%-ды** құрайды



## Негізгі қорытындылар



2020 жылдан бастап 5% ЖМЗЖ енгізу алмастыру коэффициентінің (АК) көрсеткіштерін орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына (40%) жақындатады



ШЖК енгізуден зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне ең жоғары әсер табысы төмен халық тобына (қосымша 9-10% АК) көрсетілетін болады







[www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)



[enpf@enpf.kz](mailto:enpf@enpf.kz)



1418

Назар аударғаңызға алғыс  
білдіреміз!

